

Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 17 қыркүйектегі N 273-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2004 жылғы 19-20 қыркүйекте Астана қаласындағы Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында (бұдан әрі - сапар):

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес Корея Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шарапады

қа б ы л д а с ы н ;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Корея Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

б е л г і л е н г е н

т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайында қонуын және

о д а н

ყ ш ы п

ш ы ғ у ы н ;

Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат қуралдарында жария етілуін, Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенның сұхбатын және баспасөз конференциясын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

6. Астана қаласының әкімі Корея Республикасының делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана қаласының әуежайы мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенды күтіп алу мен шығарып салу, "Отан қорғаушылар" монументіне гүл шоқтарын қою рәсімдеріне қатыссын, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

2004 жылғы 17 қыркүйектегі

N 273 өкімінде

қосымша

Корея Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Корея Республикасы ресми делегациясының мүшелерін (1+1+10) және бірге жүретін адамдарды Астана қаласында орналастыру ("Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне), тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін "Окан Интерконтиненталь - Астана" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, күверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Корея Республикасы делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдес үйінде сатып алу.

5. Корея Республикасының делегациясын Астана қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атынан Корея Республикасының Президенті Ро Му Хенның құрметіне Астана қаласында ресми қабылдауды ұйымдастыру.

7. Ресми делегация мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК